


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Университет «Мирас»

БЕКІТЕМІН

УТВЕРЖДАЮ


(қолы/подпись)

Президент

Мырзалиев М.Б.
(А.Ә.Ж.Ф.И.О.)

« » »

2016ж.г.

**«Мирас» университетінің ПОҚ ғылыми қызметіндегі жетістіктері үшін
ынталандырушы сипаттағы үстемелер туралы
ҚАҒИДА**

Ғылыми Кеңес отырысында бекітілген өзгерістермен және толықтырулармен
«29» тамыз 2016 жыл №1 хаттама

Ғылыми Кеңес отырысында талқыланған және бекітілген
2015 жылғы «30» қаңтардағы № 6 хаттама



Алғысөз

Бұл қағида (2016 жылғы 29 тамыздағы өзгерістер және толықтырулармен) «Мирас» университетінде Ғылыми-зерттеу жұмыс қызметін ұйымдастыру барысында басшылыққа алу үшін жасалған.

Келесі құрамдағы жұмыс тобымен


жасалған:

ҒЗЖ бойынша проректоры

 И.Ю. Хан

« _____ » 2016ж.

Қаржы директоры

 Е.А. Лигай

« _____ » 2016 ж.

Келісілді:

Бас есеуші

 А.Некрасова

« _____ » 2016г.

«Мирас» университеті ЭҚАТ факультетінің деканы

 Г.П. Коптаева

« _____ » 2016ж.

«Мирас» университеті ПӨТ факультетінің деканы

 Есиркепова З.А.

« _____ » 2016ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Ғылыми қызметтің нәтижелілік көрсеткіштері бойынша ПОҚ ынталандырушы сипаттағы үстемелер
3. Ғылыми қызметтің нәтижелілік көрсеткіштерін (ҒҚНК) бекіту тәртібі
4. Қорытынды ережелер

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида қажетті біліктілігі бар, «Мирас» университетінде ғылыми қызметпен кәсіби түрде айналысатын ПОҚ қызметі нәтижелілігін арттыруды қамтамасыз ететін, университет қаржыландыруы есебінен жүргізілетін ынталандырушы төлемдердің (ары қарай – ынталандырушы төлемдер) түрлерін, тәртібін және қолдану шарттарын бекітеді.
2. Ынталандырушы төлемдер түріне:
 - ғылыми қызмет нәтижелілігінің жеке көрсеткіштері бойынша ынталандырушы сипаттағы төлемдер;
 - әр түрлі: облыстық, республикалық, халықаралық дәрежеде өткізілетін байқауларға, олимпиадаларға қатысқаны үшін ынталандырушы сипаттағы төлемдер;
 - университет нәтижелілігінің жоғары көрсеткіштері үшін ынталандырушы сипаттағы төлемдер;
 - ПОҚ және басшыларға сыйлықақы төлеу жатады.
3. Университет ПОҚ біліктілігі, олардың орындайтын еңбек міндеттерінің күрделілігі, зерттеулерге ғылыми басшылық жасау лауазымдық қызметтақылары мен ғылыми дәрежесі үшін төленетін қосымша төлемдерде есепке алынады және ынталандырушы сипаттағы төлемдерді бекіту барысында есепке алынбайды.
4. ПОҚ ынталандырушы төлемдері еңбекақыларының бір бөлігі болып табылады.
5. Қор қаражаты бекітілген мерзімділікпен төленетін ынталандырушы сипаттағы үстемақыны бекіту бойынша пайдаланылуы мүмкін
6. Ынталандырушы сипаттағы төлемдер 6 айдан аспайтын мерзімге бекітіледі.
7. Ынталандырушы төлемдер түрі бойынша Қорды үлестіру туралы шешімді қабылдау келесі құжаттадың негізінде жүргізіледі:
 - университет ректорының бұйрығы;
 - құрылған комиссиямен ұсынылатын қорытынды хаттама.

2. Ғылыми қызметтің нәтижелілік көрсеткіштері (ҒҚНК) бойынша ПОҚ ынталандырушы үстемелері

ҒҚНК бойынша қосымша төлем (1 Қосымшаны қараңыз):

1. мақала жариялағаны үшін (міндетті нормативтен бөлек);
2. ғылыми конференцияларда баяндама оқып қатысқаны үшін;
3. олимпиадаларға қатысу нәтижелілігінің көрсеткіші;
4. монография, оқулықтар шығару;
5. алынған патенттер, инновациялық патенттер үшін жүргізіледі.

Мақала жариялағаны үшін қосымша төлем төлеу. Жарияланымдар үшін қосымша төлем төлеу ағымдағы жылы ғылыми журналдарды дәйексөздеудің халықаралық индекстерінің (ары қарай - индекс) негізінде сараланып жүргізіледі. Рецензияланған ғылыми журналдың дәйексөзделуінің индексі (JCR) 0,25 кем болмау керек.

Рецензияланатын журналдардағы жарияланымдар журнал ҚР шығарылынатын рецензияланатын ғылыми журналдар мен баспалар Тізбесіне енгізілген жағдайда есепке алынады. Бірлескен авторлықпен жазылған мақалалар болған кезде ынталандырушы үстемақылар авторлар санына бөлінеді.

ISBN шифрлы шығарылған монографиялар, және ҚР БҒМ таңбасы бар (оқу-әдістемелік бірлестіктерімен ұсынылған) оқулықтар. Монографиялар мен оқулықтар үшін монография/оқулықтың 3 ке көбейтілген баспа беттерінің көлеміне тең қосымша төлем белгіленеді. Бірлескен авторлар болған жағдайда үстемақы авторлардың жалпы санына бөлінеді. Нақты оқулықтарды жеке ҒҚНҚ есебіне қосу ғылыми кеңестің арнайы шешімімен қабылданады, ал мәліметтер университеттің **УМУ**-на түседі.

Олимпиадаларға, байқауларға қатысу. Олимпиадаларға, байқауларға қатысқаны үшін үстемақы аталған іс-шара өтіліп отырған дәрежесіне қарай жүзеге асырылады: облыстық, республикалық, жақын шетел, алыс шетел. Есепке әрбір командалық немесе білімгердің жеке жүлделі орыны алынады. Командалық есеп кезінде үстемақы команда қатысушылары арасында тепе-тең үлестіріледі.

Олимпиадаларға, байқауларға, көрмелерге, басқа да іс-шараларға қатысатын және жүлделі орын алған білімгерлерге **ғылыми жетекшілік еткені үшін** ПОҚ өткізіліп отырған іс-шараның деңгейіне қарай үстемақы қарастырылған.

Конференцияларға, форумдарға, семинарларға қатысу.

Жеке ҒҚНҚ есебіне нақты конференцияларды, форумдарды және семинарларды енгізу аталған іс-шараға қатысушылардың баяндамамен шын мәнінде қатысуы және материалдарының (ақпараттық хат, шақыру қағазы және көрсетілген іс-шараға шын мәнінде қатысуын растайтын құжаттар) болуы негізінде қабылданады. Егер қатысушы көрсетілген шараларға университет қаражаты есебінен қатысқан болса, қосымша ынталандырушы сипаттағы үстеме төлеу мәліметтері ұсынылмайды.

Патенттердің, инновациялық патенттердің болуы. ҒЗЖ орындау нәтижесі болып табылатын патент үшін 2 ай бойы 40 АЕК көлеміндегі үстемақы белгіленеді. Бірлескен авторлармен алынған патенттер үшін үстемақы авторлардың жалпы санына бөлінеді.

Ғылыми қызмет нәтижелері келесі шартпен жеке ҒҚНҚ есепке алынады:

- егер олар ресми түрде «Мирас» университетіне жатқызылса (университет атауының жұмыс орны ретінде жарияланымдарда, конференция материалдарында және жеке ҒҚНҚ есебінде есепке алынатын ғылыми қызметтің басқа да нәтижелерінде көрініс табуы);

- орындалатын жұмыстардың тақырыбы мен мазмұнын анықтайтын қойылатын талаптарға сәйкес болса;
- егер аталған көрсеткіш бұрын қаржыландырылмаса.

3. Ғылыми қызмет нәтижелілігі көрсеткіштерін бекіту тәртібі

1. Жеке ҒҚНК бекіту мақсатында факультеттерде жеке ПОҚҒҚНК белгілеу және бекіту бойынша комиссия (ары қарай – комиссия) құрылып, оған: ҒЗО диекторы, факультет деканы, ҒЗЖ бойынша факультет деканының орынбасары және т.б. кіреді.
2. жеке ҒҚНК белгілеу мақсатында кафедралардың ҒЗЖ-ға жауапты тұлғалары комиссияның қарауына жататын ҒҚНК көрсетілген және негізделген қызметтік хат ұсынады. Қызметтік хатқа ғылыми қызмет нәтижелерін растайтын құжаттар тіркеледі.
3. Кафедрамен ұсынылған материалдар комиссиямен келесі мәнге тексеріледі:
 - Ресімделуінің дұрыстығы;
 - Есептегі мәліметтердің растығы мен қосымша берілетін құжаттарға сәйкестігі;
 - Қосымша төлемнің есептелуі мен оны төлеудің негізділігі;
 - Ғылыми қызмет нәтижелерінің бағытқа жатқызылуының дұрыстығы.

Ары қарай комиссия факультет ПОҚ ынталандырушы төлемдерін үлестіру туралы мәліметтерді көрсетумен комиссия жұмысының есебін ресімдейді.

4. Қажет болған жағдайда ғылыми қызметтің нақты нәтижелерін ҒҚНК есебіне енгізу және қосымша төлемді белгілеу туралы арнайы шешімдер қабылдау үшін есептер комиссиямен университеттің Ғылыми Кеңесіне беріледі.
5. Хаттамаға қол қойылған күннен бастап бір апта ішінде университет ПОҚ қарастырылған мәліметтердің нәтижелеріне қарсылығын комиссияға жазбаша түрде жеткізуге құқылы. Реттелмеген келіспеушіліктер комиссиямен университеттің Ректорына беріледі. Қарсылықтарды қарастыру және келіспеушіліктерді реттеу нәтижелері бойынша комиссия қорытынды хаттаманы ресімдейді. Хаттамаға комиссияның барлық мүшелері қол қояды.
6. Қорытынды хаттаманың негізінде университет Ректоры ПОҚ ҒҚНК бойынша ынталандырушы сипаттағы үстемақы мөлшерін белгілеу туралы бұйрық шығарады.
7. ҒҚНК қарастыру және шешім шығару есептерді беру мерзімі аяқталған күннен бастап 15 күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.
8. ПОҚ және университеттің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері мәліметтердің дұрыстығына жауапты.
9. ҒЗЖ туралы есептерді қарау жылына 2 рет (қаңтар, маусым), ал үстемақыларды төлеу комиссияның қорытынды хаттаманы есеп бөліміне ұсынған айынан кейінгі айда жүзеге асырылады.

4. Қорытынды ережелер

- 1.** ҒҚНК төлеу барысында даулы мәселелерді шешу және ынталандырушы сипаттағы үстемақыны үлестіру үшін ғылыми кеңеспен комиссия құрылып, аталған комиссияның шешімдері ууниверситет ректорымен бекітіледі.
- 2.** ПОҚ ынталандырушы төлемдер тағайындау және есептеу процедураларын іске асыруға қатысты комиссия мен ғылыми кеңестің шешімдері, сонымен қатар университет бойынша тиісті бұйрықтар университеттің барлық жұмысшылары танысуы үшін қолжетімді болуы тиіс.

ҒҚНҚ үшін ынталандырушы төлемдер келесі жолмен белгіленеді:

Қосымша төлем үшін негіздер			АЕК-дегі сома	Қосымша төлем түрі
<p>Міндетті нормативтен бөлек жарияланымдар*</p> <p>- Мирас университетінен ұсынылуы керек;</p> <p>-Бірлескен авторлықпен шығарылған мақалалар авторлар санына тепе-тең төленеді</p>	Томсон Рейтер (ISI Web of Knowledge Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасының мәліметтері бойынша дәйексөз индексі нөлдік емес ғылыми журналда білімгерлермен (магистранттармен) бірлескен авторлықпен мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы, НЦ НТИ АҚ анықтамасы	40	Біржолғы
	Scopus базасына кіретін дәйексөз индексі нөлдік емес ғылыми журналда білімгерлермен (магистранттармен) бірлескен авторлықпен мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы, НЦ НТИ АҚ анықтамасы	30	Біржолғы
	Ғылыми журналда магистранттармен бірлескен авторлықпен мақала жариялау (РИНЦ және басқа да базалар)	Мақаланың баспа-таңбасы	7	Біржолғы
	Шетелдік ғылыми журналда білімгерлермен (магистранттармен) бірлескен авторлықпен мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	4	Біржолғы
	ҚР ККСОН ұсынылған ғылыми журналда білімгерлермен (магистранттармен) бірлесіп мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	4	Біржолғы
	Халықаралық дәрежеде өткізілетін конференцияның ғылыми еңбектері жинағындағы білімгерлермен (магистранттармен) бірлесіп мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	2	Біржолғы
	Томсон Рейтер (ISI Web of Knowledge Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасы мәліметтері бойынша дәйексөз индексі нөлдік емес ғылыми журналда мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы, НЦ НТИ АҚ анықтамасы	40	Біржолғы
	Scopus базасына кіретін дәйексөз индексі нөлдік емес ғылыми журналда мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы, НЦ НТИ АҚ анықтамасы	30	Біржолғы
	Ғылыми журналдағы мақала (РИНЦ және басқа да базалар)	Мақаланың баспа-таңбасы, НЦ НТИ АҚ	5	Біржолғы

Қосымша төлем үшін негіздер			АЕК-дегі сома	Қосымша төлем түрі
		анықтамасы		
	Шетелдік ғылыми журналдарда мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	3	Біржолғы
	ҚР ККСОН ұсынылған ғылыми журналда мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	4	Біржолғы
	Халықаралық дәрежеде өткізілетін конференцияның ғылыми еңбектері жинағындағы жарияланым	Мақаланың баспа-таңбасы	2	Біржолғы
Міндетті нормативтен бөлек жарияланымдар* - Мирас университетінен ұсынылуы керек; -бірлескен авторлықпен шығарылған мақалалар авторлар санына тепе-тең төленеді	1,0 кем емес жоғары дәйексөз индексі бар ғылыми журналда білімгерлермен (магистранттармен) бірлескен авторлықпен мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы, НЦ НТИ АҚ анықтамасы	25	2 ай бойы
	0,25 кем емес жоғары дәйексөз индексі бар ғылыми журналда магистранттармен бірлескен авторлықпен мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы, НЦ НТИ АҚ анықтамасы	7	2 ай бойы
	Шетелдік ғылыми журналда білімгерлермен (магистранттармен) бірлесіп мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	4	Біржолғы
	ҚР ККСОН ұсынылған ғылыми журналда білімгерлермен (магистранттармен) бірлесіп мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	4	Біржолғы
	Халықаралық дәрежеде өткізілетін конференцияның ғылыми еңбектері жинағында білімгерлермен (магистранттармен) бірлесіп мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	2	Біржолғы
	1,0 кем емес жоғары дәйексөз индексі бар ғылыми журналда мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы, НЦ НТИ АҚ анықтамасы	20	2 ай бойы

Қосымша төлем үшін негіздер		АЕК-дегі сома	Қосымша төлем түрі	
	0,25 кем емес жоғары дәйексөз индексі бар ғылыми журналда мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы, НЦ НТИ АҚ анықтамасы	5	2 ай бойы
	Шетелдік ғылыми журналда мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	3	Біржолғы
	ҚР ККСОН ұсынылған ғылыми журналда мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	4	Біржолғы
	Халықаралық дәрежеде өткізілетін конференцияның ғылыми еңбектері жинағында мақала жариялау	Мақаланың баспа-таңбасы	2	Біржолғы
Баспа қызметі	Монография, оқулық шығару	Баспа-таңба, университеттің УМС хаттамасынан көшірме жазба	п.л.*3	Біржолғы
Олимпиадаларға, байқауларға қатысу: олимпиададағы білімгердің әрбір командалық немесе жеке жүлделік орны	облыс деңгейі	Диплом, фотоесеп	10, 7, 4	Біржолғы
	ҚР деңгейі	Диплом, фотоесеп	15, 10, 5	Біржолғы
	ТМД деңгейі	Диплом, фотоесеп	20, 15, 10	Біржолғы
	алыс шетел деңгейі	Диплом, фотоесеп	30, 25, 20	Біржолғы
Олимпиадаға, байқауға қатысатын білімгерге ғылыми жетекшілік жасау	қала деңгейі	«Жетекшіні бекіту туралы» хаттамадан көшірме жазба немесе бұйрық, есеп, диплом көшірмесі	5	Біржолғы

Қосымша төлем үшін негіздер			АЕК-дегі сома	Қосымша төлем түрі
	облыс деңгейі	«Жетекшіні бекіту туралы» хаттамадан көшірме жазба немесе бұйрық, есеп, билеттер көшірмесі (іссапар парағы), диплом көшірмесі	10	Біржолғы
	ҚР деңгейі	«Жетекшіні бекіту туралы» хаттамадан көшірме жазба немесе бұйрық, есеп, билеттер көшірмесі (іссапар парағы), диплом көшірмесі	15	Біржолғы
	ТМД деңгейі	«Жетекшіні бекіту туралы» хаттамадан көшірме жазба немесе бұйрық, есеп, билеттер көшірмесі (іссапар парағы), диплом көшірмесі	20	Біржолғы
	алыс шетел деңгейі	«Жетекшіні бекіту туралы» хаттамадан көшірме жазба немесе бұйрық, есеп, билеттер көшірмесі (іссапар парағы), диплом көшірмесі	25	Біржолғы
Ғылыми конференцияларға, форумдарға, семинарларға	Қатысушылардың құрамы бойынша: республика	Қатысуға тапсырыс, есеп (фото есеп), билеттердің көшірмесі	-	

Қосымша төлем үшін негіздер			АЕК-дегі сома	Қосымша төлем түрі
қатысу (сөйлеу, презентация және т.б.): Ғылыми конференцияларға, семинарларға белсенді қатысу (қатысушылар құрамы бойынша жіктеу)	қатысушылар құрамы бойынша: ТМД	Қатысуға тапсырыс, есеп (фото есеп), билеттердің көшірмесі	2	Біржолғы
	қатысушылар құрамы бойынша: алыс шетел	Қатысуға тапсырыс, есеп (фото есеп), билеттердің көшірмесі	4	Біржолғы
Гранты, полученные ППС Оқытушының грант алуы (ЖОО-ның және грант мәртебесінің ынталандыратын дамуы бойынша жіктеу)	ҒЗЖ дамуына ықпал ететін: республика	Сертификат (көшірме), басқа да растайтын құжаттар	10	Біржолғы
	ҒЗЖ дамуына ықпал ететін: ТМД	Сертификат (көшірме), басқа да растайтын құжаттар	15	Біржолғы
	ҒЗЖ дамуына ықпал ететін: алыс шетел	Сертификат (көшірме), басқа да растайтын құжаттар	25	Біржолғы
Патенттер, инновациялық патенттер		Патент көшірмесі	40	2 ай бойы

